

**№24 «Ұшқын» негізгі орта мектебіндегі «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбындағы жиналысының
Хаттамасы**

Ұшқын ауылы

24.01.2024 жыл

Қатысқандар: ата-ана 14, мектеп ұжымы.

Күн тәртібі:

1. «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында баяндама /ДТІЖО Б.Султанов/
2. Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов сөз алып, Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Әкесіз бала-жетім. Әке- асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке- баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Ол бала үшін барын аямайды, аялап тәрбиелейді, болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп отырады. Халық ер адамды сыйлай білмесе тексіз деп атайды. Әке отбасының асыраушысы. Әкенің еңбегіне сентақырыбында баяндама оқыды. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Бала мен әке ынтымағы болмаған жерде әке жылуы сезілмейді. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. «Бір бала бар-атаға жете туады, бір бала бар-кері кете туады» деген тұжырымға сай баланың қандай болмағына негіз қалайтын әкенің өзі деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша әртүрлі сұрақтар қарастырылды. Ата-аналар қарастырылған сұрақтарға кері байланыс берді. Сынып жетекшілер сынып бойынша болып жатқан мәселелерін талқылады.

Қаулы:

1. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында өткізілген «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбындағы жиналыс қанағаттанарлы деп танылсын.
2. Ата – аналар мен сынып жетекшілер арасында тығыз қарым-қатынас орнатылсын.

Жиналыс төрағасы:  **Б.Султанов**

Хатшысы:  **М.Асанова**



Баяндама

«Әкенің төріне сенбе, өткен еңбегіне сен»

«Ата-аналар мектебі» жобасы

Әр шаңырақта әкенің ролі ерекше. Әке- отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі-баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-бөреке, ынтымағы үшін отбасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие.

Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында “Бір бала бар- атадан өте туады, бір бала бар- кері кете туады” деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

Әке-жаратылыстың бастауы. Өмірде ұрпақтар тәжірибесі бар. “Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі”. Бұл жағынан алғанда, ұтарымыз көп. Бірақ әкелердің бәрі бірдей ұлына үлгі болып жатыр ма? “Бес саусақ бірдей емес”. Әкелердің де түрлі- түрлісі болады. Шешелердің де түрлі- түрлісі болады. Баланың көз алдындағы әке бейнесі ең бір жарқын сәттерге толы болып есте қалады. Әкенің тәрбиесін көріп өскен балада арман бар ма? Баланың ой-санасы ананың аялы алақанымен, әкенің нұрлы сөздерімен қалыптасады. Екеуі бірдей болмаса, бала толыққанды болмайды. Дүниедегі ешбір оқу- әке мен ананың берген тәлімін бере алмайды. Оқудан білім қонар, ал тағылымды тәрбие- тек әке мен анадан ғана берілетін қасиет. Әке мен ананың бергеніндей білім, ақыл, тәрбие еш жерде болмайды. Оны кітаптан табу қиын. Олардың тәрбиесі, Абай айтпақшы, бар тамырды қуалайды. Жүректен шығып, жүрекке жетеді. Әкенің балаға айтқан әңгімесі, баласымен бірге ойнап-күлгені, серуендеткені, ел аралатып қыдыртқаны, жаңа адамдармен таныстырғаны, “балам” деп мақтанғаны, ата- бабасының, руының, елі мен жері кім екенін ұқтырғаны- тәрбиелік мәні терең дүниелер. Әке- өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті байланыстырып тұрған алтын көпір. Сол көпір арқылы әрбір ұрпақ өзінің болашағымен қауышады. Үй шаруасына ана жауапты болса, отбасының жалпы жағдайына әке жауапты. Ежелден қалыптасқан түсініктің бірі- “әке- үйдің асыраушысы”. Үйдегі жандардың аш қалмауын, киімдерінің бүтін болуын ойлайтын- әке. “Балаларым алаңсыз балалық шағын өткізсін, жарым ештеңеден қысылмасын, дастарханымыз мол болсын” деген ой әкенің көкейінен ешқашан кетпейді. Бұл табиғаттың заңдылығы да шығар. Өткен дәуірлерде де әке үйдің басты асыраушысы болды. Бүгінде де сол дәрежесінде де келе жатыр. Әкесі бар үйдің шаңырағы ешқашан

шайқалмайды. Ол үйдің тәртібі де темірдей қатал. Қандай да болсын жағдайларда соңғы сөз- әкеде. Әкенің айтқанымен жүрген бала өз жүрісінен жаңылмайды. Әкені тыңдап өскен бала өмірдегі жолын табады. Жақсы азамат болып, еліне адал қызмет етеді. Себебі, баланың барлық арманы әкенің арманымен ұштасады. Әке өзінің баласын қандай күйде көргісі келетінін күні бұрын ойластырады. Әрине, ешбір әке өз баласына жамандық тілемейді. Ең асылын, ең жақсысын баласына беріп, “Мен көрген қиындықты балам көрмесінші” деп тілейді. Мұны сезіп, сол ойды ақылына қондырып, санасындағы терең түйсікпен біліп жатқан бала болса, құба-құп.